

ЕМБІЛІКТЕРДІҢ КЕЗЕКТІ ҚАЙЫРЫМДЫ ІСІ



2

ӨНДІРІС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖИЫН



3

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР



4-5



# Embi ТЫНЫСЫ

№1 (85)  
АҚПАН  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## АУҒАН ЖАУЫНГЕРІ - ҚАҺАРМАНДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ



Сурет компанияның фотомұрағатынан

### ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК АУҒАН ЖАУЫНГЕРЛЕРІ!

Биыл КСРО әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанының 33 жыл толып отыр. Ауған соғысы - тарихтағы екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі ауыр да зардабы мол соғыстың бірі саналады.

1979 жылдың 25 желтоқсанында КСРО Қорғаныс министрінің берген бұйрығымен Ауғанстанға кеңес әскерлерін кіргізуге шешім шығарылды. Осы ойранды он жыл бойына 620 мың Кеңес әскері Ауған жерінде бейбітшілік орнату үшін қатысып, 15 мыңға жуығы қаза тапты, 417 жауынгер із-түссіз жоғалды. Елімізден 22 мың отандасымыз аттанса, оның 800-ге жуығы құрбан болды. Және де 3 мыңнан астам қазақстандық Ауған соғысынан мүгедек болып оралды.

Ал, Атырау жерінен 680 жауынгер аттанып, 14-і соғыс майданында қаза болды. 1-уі хабар-ошарсыз кетті. Сол кезде жастары небары 18-19 –да болса да, Отан алдындағы борышын өтер алдында берген антына адалдық танытқан қайсар азаматтар қатарында ембіліктер де бар. Бүгінгі таңда Компанияда еңбек етіп жатқан 13 Ауған жауынгері сол соғыста қаһармандықтың тамаша үлгісін таныта білді. Біз сіздердің ерліктеріңізді жоғары бағалаймыз.

Сіздердің Компания қызметкерлерімен соғыс зардаптары туралы айтқан естеліктеріңіз бейбіт өмірдің бағасын арттыра түседі. Ерлік пен батылдықтың

арқасында бүгінде бейбіт қоғамда өмір сүріп, еңбек етуге мүмкіндік алып отырмыз.

Бүгінде интернационалист жауынгерлер-ембіліктер Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары мен «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау», «Ембімұнайэнерго» басқармаларында еңбек етуде.

Ауған жерінде интернационалдық борыштарын абыроймен атқарып келген жауынгерлер Компанияның әлеуметтік пакеттерімен, медициналық сақтандырумен, материалдық төлемдермен толықтай қамтылып отыр. Мұның өзі отандық мұнай өндіруші компанияның еңбек адамының әлеуметтік жағдайын әрқашан биік ұстайтындықтарын дәлелдесе керек.

### ҚҰРМЕТТІ АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ!

Сіздерге қайсарлық пен ерліктеріңіз үшін алғысымызды айта отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



# ЕМБІЛІКТЕРДІҢ КЕЗЕКТІ ҚАЙЫРЫМДЫ ІСІ



Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиевтің Nur Otan партиясы Атырау облыстық филиалында өткізген қоғамдық қабылдауында болған Хасан Галиев есімді азамат Атырау қаласының Химпоселок ауданында тұратын зейнеткер апасының мәселесін көтерген болатын. Қолында мүмкіндігі шектеулі қызымен бірге тұрады. Үйінде жылу жүйесінде ақау болып, жылусыз қалғандықтан, жиендерін уақытша интернатқа тапсыруға мәжбүр болған.

Отбасының асыраушысы жоқ, мүгедек қызының да жолдасы қайтыс болған.

Қоғамдық қабылдауға жазылған азаматтың өтінішін тыңдағаннан кейін Қанатбек Махмұдұлы Nur Otan партиясы Атырау облыстық филиалы қызметкерлерімен бірге арыз иесінің үйіне барып, баспананың жағдайымен толық танысты.

Мәселені толыққанды зерделеген облыстық мәслихат депутаты, ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Қ.Қасымғалиев бұл отбасыға қуаныш сыйлау мақсатында ұжымға үндеу жариялап, көмекке зәру отбасына қолұшын созуға шақырды. Бұған дейін де ауызбіршілігімен, жомарттығымен ерекшеленіп келген «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ұжымы бұл бастаманы бірауыздан қолдады. Өз күштерімен қаражат жинап, баспанаға жөндеу жұмыстарын жүргізуге демеушілік көрсетті. Басқарма қызметкерлері 2 айға жуық уақыт бойы үйдің ішкі күрделі жұмыстарын жүргізу, жылу жүйесін ретке келтіру, есік-терезелерін ауыстыру, үй шарбағын қоқыстардан тазалау, кәріз жүйесін жүргізу және т.б. ауқымды жұмыстарды жасады. Еденін де алмастырып, зейнеткер мен мүгедек қызына және кішкентай балаларға қолайлы болуы үшін үй ішіне жуынатын бөлме де жасақтады.

Жуырда ӨТҚЖЖК басқармасы қызметкерлері жөндеу жұмыстарын аяқтап, баспананы иелеріне табыстады.

- Үйімізді жаңартып, жылу тартып берген мұнайшыларға рахмет. Шынымды айтса, Nur Otan партиясына көмек сұрап жазғанымызда, жылу қазандығын орнатып, іске қосып берсе деген ниетіміз болған. Баспанамызды толық жөндеп, есік-терезелерді жаңартып, кәріз жүйесін реттеп, газды тартып берді деп күткен жоқпыз. Ембі мұнайшыларына аналық алғысымды айтамын. Еңбектеріңіз жемісті болсын, - дейді тұрғын үй иесі Уақиза Галиева.

Қайырымдылық – адамның бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Осы орайда, бастаманы қолдаған, үнемі қайырымдылық істерге асығып жүретін «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ұжымына ризашылығымызды білдіреміз.



## Кәсіби шеберлік

# «ЕҢ ҮЗДІК СТУДЕНТ» - БІЗДІҢ ОРТАМЫЗДА

«Ембімұнайгаз» АҚ ұстанған қағиданың бірі және бастысы мамандарды ұдайы оқыту, олардың кәсіби шеберліктерін шыңдау арқылы компанияны білікті қызметкерлермен толықтыруды өзекті санайды. Бұл орайда, компания бойынша қызметкерлер мен мамандарды арнайы курстардан өткізу бағдарламасы бекітілген. Аталмыш бағдарлама аясында қызметкерлерді оқыту арқылы дамыту, басқарудың жаңаша тиімді әдістерін тауып, енгізу жақсы жолға қойылған.

«Ембімұнайгаз» АҚ алғаш 2021 жылы өз қызметкерлерін Халықаралық IOSH бағдарламасы бойынша оқытуды қолға алды. Сол жылы 72 ембілік маман арнайы курстан өтті.

IOSH - еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін дамыту мақсатындағы Еуропадағы іргелі ұйымдардың бірінен саналады. Бүгінгі таңда ұйымның құрамында дәріс беретін 33 000 адамның 13 000-ы осы саладағы әлемдегі жоғары білікті мамандар қатарынан. Міне, осындай іргелі ұйымның қолдауымен ұйымдастырылған оқыту курсынан ембіліктердің де дәріс алғанын ерекше атап өткен жөн.

Атырау облысы бойынша өзге компаниялардың мамандары да қатысқан курстың қорытындысы бойынша «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік инженері Ринат Махамбетов 200-ге тарта

тыңдаушылардың арасынан «Ең үздік студент» атанды.

Маңғыстау энергетикалық колледжінің, М.Тынышпаев атындағы транспорт және коммуникация Академиясының, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің түлегі Ринат Махамбетов Ембі кен алаңдарының еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік саласы бойынша 16 жылға тарта еңбек етіп келеді.

- Халықаралық IOSH бағдарламасы әлемдегі үздіктердің қатарынан. Оның оқыту бағдарламасының құны жоғары екені де белгілі. Кез-келген адамның қалтасы көтермесі анық. Осы орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметкерлерінің біліктілігін көтеру арқылы олардың бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкіндік беруі – қызметкерлер үшін жасалған өте маңызды қадам. Өз мамандарының біліктілігін арттыруды әркез



назарда ұстап келе жатқан компания басшылығына шексіз ризамыз, - деген Р.Махамбетов арнайы курстан кейін тыңдаушылардың арасында өткізілген тестік сынақтан 98 пайыз нәтижемен, «Ең үздік студент» деп танылды. Айта кету

керек, тыңдаушылардың білім деңгейін анықтайтын сынақтың қорытындысы IOSH ұйымының бас корпусы орналасқан Ұлыбритания елінде шығарылады.

**Әріптесіміз Ринат Махамбетовты жоғары табысымен құттықтаймыз!**





## ӨНДІРІС АЛАҢДАРЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖИЫН



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өз қызметінде басымдық беретін бағыттарының бірі - мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын кезең-кезеңімен жақсарту. Бұл орайда, компанияға қарасты барлық басқармалардың кен алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылған. Бүгінгі таңда аталмыш нысандарында жаңғырту жұмыстары жан-жақты жүргізілуде.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты әлеуметтік нысандардың жұмысын жақсарту үшін алдымен барлық әлеуметтік сала мамандарының бір мақсат, бір мүдде жолындағы табыс еңбегіне қол жеткізуіміз керек, - деген **Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қ. Калидуллин** соңғы мезгілдерде қолға алынып жатқан тың жобаларға тоқталды.

2021 жылдың қазан айынан бастап компанияға қарасты 6 құрылымдық бөлімшесіндегі әлеуметтік саланың мамандары арасында көшпелі мәжіліс ұйымдастыру қолға алынды. Көшпелі жиында әлеуметтік саланың өзекті жәйттары кеңінен ортаға салынды. Ембілік мамандар алдымен «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да бас қосып, жұмыс бағдарын айқындады, атқарылған жұмыстарды саралады. Кімде қандай күрделі мәселе бар,

талқыға салынып, кемшіліктер ашық айтылды. Осы жиналысқа мердігер компания «АМИР-Холдинг Казахстан» ЖШС-нің мамандары шақырылып, мердігер мекеменің жұмысына қатысты мұнайшылар тарапынан айтылған ұсыныстар талқыланды. Мұндай бас қосудың маңыздылығын әріптестер жоғары бағалап, нақты әрекеттердің алаңы болса деген ұсыныс айтты.

2022 жылы жақсы бастама жалғасын тапты. Ағымдағы жылдың ақпан айында көшпелі жиын «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасында жалғасты. Мердігер мекеме – «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының мамандарының есебін тыңдалып, ой-пікірлер ортаға салынды.

Берері мол көшпелі жиын енді мамыр айында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да өтеді деп жоспарланды.

## УАЗДА – ЖАҢА АСХАНА

**«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз кен алаңында 30 орындық жаңа модульдік жатақхана пайдалануға берілді.**

Бүгінде кен орнында ауысыммен 28 қызметкер жұмыс істейді. Жаңа жатақхананың кілтін «Уаз-Қондыбай» мұнай-газ өндіру бөлімшесі бастығының орынбасары Мейрамбай Ахметовке мердігер мекеме «Ақтөбе металлқұрастыру зауыты» АҚ-ның өкілі табыстады.

Естеріңізге сала кетейік, Уаз кен орнында «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилотты түрде іске қосылды. ЕМГ-да әзірленген әдістемелер бойынша төмендегі көрсеткіштерді өңдеу және талдау алгоритмдері автоматтандырылды: сұйықтық пен мұнай теңгерімі; мұнай шығындары; ұңғымалардың жұмыс режимдерін оңтайландыру және т. б. 2017 жылдан бастап жоба компанияның басқа кен орындарында таралуда.

Жоба «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.





# ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР

## «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

**«Ембімұнайгаз» АҚ жер жүзін жайлаған коронавирус пандемиясынан туындаған қиындықтарға қарамастан 2021 жылды оң нәтижемен аяқтады.**

Бұл туралы Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен «Жыл адамы» салтанатты шарасында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан айтты.

– Әлемдік пандемия – коронавирус инфекциясы компанияның барша еңбек ұжымының қалыпты қызметіне өз зардабын тигізбей қоймады. Алайда, біз өндірісті бір минутқа да тоқтатпай, алдымызға қойған мақсат-міндеттерімізді толықтай орындап шықтық. Бұл орайда, өздерінің күнделікті қызметтерінде кәсіби шеберліктерін танытып, табысты еңбектерімен ерекшеленген әріптестерімізге алғысымыз шексіз.

Ембі өндірісінде орын алған қиын жағдайға қарамастан, өндіріс алаңдарындағы қажырлы еңбектің нәтижесінде мұнай өндіру мен тапсыру көрсеткіші тұрақты түрде сақталып отыр. Осындай еселі еңбек үлгісін көрсете білген қызметкерлерді ұлығылау – үлкен парыз. Бұл бәріміздің де Ембі өндірісіндегі қарапайым жұмысшылардың жасампаз еңбегіне көрсеткен зор құрметіміз болып табылады, – деп атап өтті ол.



## «БІР ЦЕХТЫҢ ЖҰМЫСЫН ОН АДАМ ДА ЖАСАДЫ»

**Асылбек ҰЛЖАНОВ, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының басшысы:**

– Мен Доссор кентінде туып-өстім. Тоқсаныншы жылдары Атырау политехникумын тәмамдадым. Сол уақытта «Жылыоймұнайгаз» басқармасына қарасты Терең-Өзек кен орнында жерасты жабдықтарын жөндеу операторы болып еңбек жолымды бастадым. Сөйтіп, шебер санатына дейін көтерілдім. Ал, 2014 жылдан бері құрамында 58 қызметкері бар цех басшысы болып жемісті жұмыс жасап келемін. Жер астындағы байлықты оның үстіне шығару – қиынның қиыны. Сондықтан, біздің жұмыс аса ауыр санатқа жатады.

Өткен жыл кім үшін де оңай тиген жоқ. Бірақ, тынымсыз еңбектің арқасында сынақтан сүрінбей өттік. Ай сайын 883 мың тонна мұнай өндіру жоспарын бұл жолы да мүдірмей орындадық. Рас, кейде он адамның жұмысын бес адам атқарған ауыр кезеңдер болды. Әйтсе де, шыдамдылық пен төзімділіктің, іскерлік пен шеберліктің және ең бастысы ауызбіршіліктің арқасында өндірісті бір минутқа да тоқтатпадық. Әлі де үздіксіз жалғастыра беретін боламыз. Мұнайшылар күнделікті қызметтен бөлек, қайырымдылық ізгі істерге атсалысып отырады. Мәселен, жуырда ғана ұжым болып бірігіп, қос науқас ұл тәрбиелеп отырған жалғызбасты анаға екі бөлмелі пәтер сыйладық. Басқа да мұқтаж жандарға қол ұшын беру мақсатында бір күндік табысымызды да аударып тұрамыз.

## «ӨНДІРІС ТОҚТАҒАН ЖОҚ»

**Бақтыгерей АХТАЕВ, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №4 мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ конденсат өндіру шебері:**

– 1984 жылдан бері «Жайықмұнайгаз» табан аудармастан еңбек етемін. Құрамында қырық шақты қызметкері бар біздің ұжымның міндеті – мұнай ұңғымаларының күндіз-түні жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Бұл жолы да пандемияны сыныққа сылтау етпей, үздіксіз жұмыс жасадық. Ауысымдық жұмыс мерзімі 56 күнге дейін созылған кезеңдер де болды. Межелі міндетімізді жаңа жұмыс күшін тартпай-ақ өз күшімізбен орындадық. Он шақты адам тұтас бір цехтың жұмысын жасаған да күндер де болды. Жалпы, әр заманның өз қиындығы болады деп жатады ғой. Мәселен, бұрын техника тапшы болса, қазір ол бар. Бірақ, аяқ астынан коронавирус пандемиясы пайда болды. Бұған ешкім де дайын болмады. Соған қарамастан, ешкім еңбектен қол үзген жоқ. Әсіресе, ел экономикасын еселеп отырған мұнайшылардың еңбегі өлшеусіз.



## «ЖЫЛ АДАМЫ» МАРАПАТЫНА ИЕ БОЛҒАНДАР:



**«Жыл тануы»** – Жәнібек Сағындықов,  
«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының  
бас технологиясы



**«Жылдың үздік топ-менеджері»** –  
Қанатбек Қасымғалиев, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма  
төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары



**«Жыл басшысы»** – Серік Әбдиев,  
«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының  
бастығы



**«Жылдың үздік менеджері»** – Мұратбек Куримов, «Ембімұнайгаз» АҚ стратегиялық даму тобының жетекшісі,  
Мәлік Төресәев, «Ембімұнайгаз» АҚ көлік қызметінің жетекшісі,  
Шамия Шынжырбекова, «Ембімұнайгаз» АҚ салық есебін дайындау қызметінің жетекшісі



**«Жыл цех басшысы»** – Асылбек Ұланов, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының бастығы,  
Бейбіт Елемесов, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының бастығы,  
Ержан Айтжанов, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай мұнай және газ өндіру цехының бастығы;



**«Жыл шебері»** – Бақтыгерей Ахтаев, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №4 мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ конденсат өндіру шебері,  
Әнуарбек Турсиев, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Мақаттағы мұнай дайындау және айдау цехының шебері,  
Сәкен Сұңғатов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» аудандық электр торабының шебері;



**«Жыл тәлімгері»** – Бекен Жұмагелдин,  
«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының зерттеу жұмыстары  
цехының 5-ші дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы;



**«Жыл серіктесі»** – Гүлнафис Танбаева,  
Атырау қалалық №7 емханасының директоры;



# РЕВАКЦИНАЦИЯ: НЕ ҮШІН ЖӘНЕ ҚАШАН АЛУ КЕРЕК?

**Бүгінгі таңда COVID-19 пандемиясына қарсы ревакцинациялау шарасы жүріп жатыр. Бүкіл әлем елдері бұл мәселеге ерекше мән беріп отырғанын атап өткен жөн. Кез келген вакцинаны алғаннан кейін ревакцинация қажет.**

**Енді қысқаша, ревакцинация дегеніміз не, оның жүру барысына тоқталып өтсек.**

**Ревакцинация** – пандемияға қарсы вакцина алудың үшінші дозасы. Демек, қайта вакцинациялау.

**Ревакцинациялаудың қажеттілігі** - адам ағзасындағы иммунитетті құраушы антиденелер уақыт өте келе азаяды, яғни, адамның дертке қарсы иммундық қорғанышы әлсірей бастайды. Ағзадағы иммундық қорғанышты күшейту үшін бұл шара қажет.

**Ревакцинация жасау уақыты** - бастапқы алған әр адам вакцина курсы аяқталғаннан кейінгі 6 - 9 айдан соң ревакцинация жасай алады. Дәрігерлердің айтарына құлақ түрсек, ревакцинация жасау уақыты ол қандай вакцина алғанымызға қатысты. Қазақстанда вакцина алғандардың басым бөлігі «Спутник V»-ды салдырған. Бұл вакцинаның екінші дозасын алған соң 9 айдан кейін үшінші компонентін салдыруға болады. Ал, Sinopharm, CoronaVac, Hayat-Vax, QazCovid-in вакцинасын салдырғандарға 6 айдан кейін ревакцинациялауға рұқсат етілді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ревакцинацияны кем дегенде жарты жылдан соң салдыру керектігін айтады. Одан ерте салдыру денсаулыққа зиян болуы мүмкін.

Ал, вакцинация курсы толық алып, кейін коронавируспен ауырған адамдар сауыққаннан кейін 3 айдан соң ғана ревакцинациялана алады.

**Ревакцинация алдында нені білуіміз керек?**

Вакцина алғаннан кейін қарсы көрсетілімдер болмады ма, вакцинациядан кейін денсаулығыңызда қандай өзгерістер болды, созылмалы ауруларға шалдыққан жоқсыз ба? Осы мәселеге ерекше мән берген жөн. Егер, вакцинациядан кейін ағзаңызда белгілі бір өзгерістер болған болса, дәрігермен кеңесе отырып, ревакцинацияда екпенің басқа түрін алғаныңыз жөн.

**Ревакцинациядан кейін қалай күтіну керек?**


Ревакцинация салдырғаннан кейін көпшілік адам жиналатын жерлерге барудан уақытша бас тарта тұрған жөн. Себебі, иммундық қорғаныс ағзада бірден пайда болмайды. 3 күн мерзімде спирттік ішімдік ішуге тыйым салынады.

**Ревакцинациядан кейін паспортта не өзгеріс болады?**

Ревакцинациядан кейін құжатта жаңа блок қосылады. Ревакцинация деген жерде алған екпеніңіздің атауы және алған уақыты жазылады.

**Ревакцинация жасатуға екпенің қай түрі жақсы?**

Денсаулық сақтау министрлігі мамандарының айтуынша, барлық вакцина бірдей. Қай түрін таңдау керек, ол әркімнің өз еркінде.



## ТҮЙІН

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) келтірген дәйекті пікіріне назар аударсақ, әлемдегі кейбір кедей елдер өз азаматтарына вакцина жасатуға мүмкіндіктері болмай отыр. Осыған орай, ДДСҰ ревакцинацияға көшіп жатқан елдерге «тек өз азаматтарыңыздың ғана қамын ойламай, өзге мемлекеттерге көмектескен абзал» деген ойды алған тартып, мүмкіндігі тартпай отырған елдерге қол ұшын созсақ деген ұсыныс айтуда. Ұйымның айтуынша, әлемдегі барлық елдер вакцинацияны көбірек алса, аталмыш дертпен күресу және жеңу әлдеқайда оңай болады. Сондықтан да, ревакцинациядан бұрын әлем халқын алғашқы компонентпен (вакцинамен) қамтыған жөн дегенді алға тартады. Бұл пікірмен көп ел келіспейді. Олардың қарсылығын түсінуге болады, әр мемлекет алдымен өз азаматтарының жағдайын ойлайды.

Демек, әріптестер, әлеуметтік-экономикалық жағынан әлсіз елдер вакцинация ала алмай отырғанда, еліміздің бізге жасап отырған мүмкіндігін бағалай білген жөн болар. Ревакцинациялану арқылы сіз бен біз ағзамыздағы иммундық қорғанышты күшейтеміз.

# РЕВАКЦИНАЦИЯ – ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ ЗАЩИТА ОТ БОЛЕЗНИ



**В рамках разъяснительной работы по ревакцинации, проводимой в АО «Эмбаунайгаз», была организована встреча персонала управления производственно-технического обеспечения и комплектации оборудования (УПТОиКО) и управления «Эмбаунайэнерго» с заместителем директора КГП на ПХВ поликлиники №7 г. Атырау Нурбақытом Копжановым.**

Н. Копжанов рассказал нефтяникам о ходе проводимых противоэпидемических мероприятий - вакцинации и ревакцинации против COVID-19. По его словам, количество полностью вакцинированных (получивших две дозы) казахстанцев, по данным на 8 февраля этого года, достигло почти 9 млн. человек. К слову, в АО «Эмбаунайгаз» показатель вакцинации составил 83%. В данное время нефтяники ревакцинируются.

Клинически доказано, и уже как показала практика, вакцинированные люди, заболевшие COVID-19 и его новыми штаммами, более легко перенесли болезнь в отличие от невакцинированных. А ревакцинация – это дополнительная доза вакцины для усиления защиты. Ее необходимо получить через 6-9 месяцев после вакцинации. По словам Н.Копжанова, ревакцинация проводится на добровольной основе, однако каждый человек должен заботиться не только о своем здоровье, но и быть безопасным для общества.

Заместитель главного врача поликлиники №7 ответил на вопросы нефтяников. В будущем, аналогичные встречи запланировано провести в производственных структурных подразделениях АО «Эмбаунайгаз».





# ЕҢБЕК ЕШ ҰМЫТЫЛМАҚ ЕМЕС



**Жүріп өткен өнегелі жолымен, қарапайым адами болмысымен, табысты еңбегімен жұртшылықтың алғыс сезіміне бөленген атыраулық атпаз азамат, геолог-мұнайшы - Омар Далбаев туралы бір үзік сыр.**

Омар Далбаевтың балалық шағы Ұлы Отан соғыс кезеңіндегі қиындықтарымен тұспа-тұс келді. Қарапайым жұмысшының отбасында дүниеге келген Омар бала кезден иығына түскен қиындықтың салмағын көріп өсті. Ерте есейді.

Тарихтан Доссор мұнайы құрамының тазалығын, оның майданға ешбір өңдеусіз жөнелтілгенін біздер оқыған, естіген бойынша мәлімет алсақ, Омар болса сол қара алтынның қадірін бала кезден көріп те, естіп те өсті. Сол себепті де, ол бала кезден болашақ мамандығын таңдап та қойған еді. Мектеп бітірген бозбаланың алдында «мұнайшы болсам» деген үлкен арман тұрды. Сол кездегі арман қала, жастар шаһары - Алматы қаласындағы жоғары білім ордаларының бірінде «Инженер-геолог мұнайшы» мамандығы бойынша тәмамдап, туған өлкесінен еңбек жолын бастайды. Яғни, 1957 жылы Құлсары өңірінде қарапайым операторлықтан еңбек жолы басталады. Өзін жаңа ортада жақсы көрсете білген Омар кейін еңбек жолындағы сатылармен кезең-кезеңімен көтеріліп, әр түрлі лауазымдарды абыроймен атқара да біледі. Сол жылдардағы аға геолог, бас геолог болып еңбек еткен кездерде көптеген жаңа кен алаңдарының ашылуына үлес қосты. Прорва, Қарасор, Қара-Арна, Тортай, Шөлқара, Қысымбай сияқты кеніштерде Омар Далбаевтың да маман ретінде қолтаңбасы бар. Әсіресе,

Прорва кенішін ерекше атап өткен жөн. Бұл өңірдің жер қойнауының жан-жақты зерттелуінде маман ретінде үлкен еңбек сіңірген. Сол кездерде ашылған кеніштер күні бүгінге дейін игеріліп келеді.

Ембі өңіріндегі іргелі екі ұжым - «Жылыоймұнайгаз» бен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының қалыптасып, дамуында геолог О.Далбаевтың қомақты қолтаңбасы бар екенін бүгінгі ембіліктер сыйластықпен еске алады. Оңтүстік - Ембі терең бұрғылау мұнай-газ барлау экспедициясында еңбек еткен жылдарда майталман геологтың маман ретінде жан-жақты өрлеуінде ролі зор. 1959 -1965 жылдары Қырықмылтық, Ақтөбе, Үлкенөте, Морская, Каменная, Арыстановская алаңдарында барлау жұмыстары жүргізіліп, Прорва, Ақтөбе кен орындары ашылған. Одан кейін барлау жұмыстары Еділ мен Жайықтың арасындағы алаңдарға қарай ойысып, ондағы іздестіру, барлау жұмыстарының барлығына да экспедицияның бас геологі Омар Далбаевтың өзі басшылық жасады. Ол жерлерде Мартыши, Камыши, Жаңаталап, Аймамбет, Кебір, Жайылған секілді алаңдарда барлау-бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, жаңа кен орындары ретінде пайдалануға берілді. 1987 жылы Омар Далбаевтың жетекшілігімен Жосалы сай алқабында ең терең


кеніштеріне қолтаңбасын қалдырған олар да майталман маман атана білгенін ерекше атап өту керек. Ұстаздан шәкірт озбай ма деген осы да.

Омар Далбаевты жақсы танытандардың тағы бір мән бере айтатыны, оның үлкен лауазымдарды атқарғанына қарамастан бойындағы қарапайымдылық қасиетін сақтай білгендігі. Үлкенмен сыйластыққа толы жылы болмысы, кішілермен ағалық қамқорлығы әркез сезіліп тұрады деседі білетіндер.

Омар Далбаевпен бірнеше жыл бір саптан табылып, иық түйістіре еңбек еткен майталман геологтар өздерінің естеліктерінде ол туралы жылы лебіздерін былай өрбітеді:

- Біз Омар екеуіміз жастық кезеңімізді, соның ішінде студенттік шағымызда Алматы қаласында бірге өткіздік. Студенттер жатақханасында бір бөлмеде тұрдық. Денсаулығына байланысты, уақытша демалыс алып, университетті менен бір жыл кеш бітірді. Оңтүстік - Ембі барлау экспедициясының бас геологы болғанда ол бар болғаны 30-дан сәл асқан жігіт болатын. Биік лауазымдарды атқара жүріп, еліміздегі көптеген кеніштердің ашылуына үлес қосумен қатар, олардағы жұмыстардың жан-жақты дамуында да зор қолтаңбасын қалдыра білген кәсіби маман екенін аса жоғары бағалайтынмын, - дейді майталман геолог Мақаш Рахметов.

*Арыстановская  
Апрель 1967*



ұңғыма бұрғыланды. Осы қарқынды жұмыстың нәтижесінде Мәтен, Қарашүңгіл, Ембі, Шығыс Табынай, Күмшеті, Үшмола алаңдарында зерттеу жұмыстары қолға алынған болатын. Омар Далбаевпен үзеңгілес болғандар бас геолог болып қызмет еткен жылдарда оның кәсібін жетік меңгерген майталман маман болуымен қатар, жастарды осы мамандықтың қыр-сырына баулыған тәлімгер ретінде көре қалғандарын айтады. Оның мол тәжірибесінен үйрене білген сол кездің жас мамандары бүгінде 70-тен асқандар, еліміздің көптеген

- Мен 1973 Омар Далбаев жетекшілік еткен экспедицияға жұмысқа тұрдым. Біздер, жас геологтар: Х.Шнашев, Б.Қаржаубаев, М.Көптілеуов, К.Шаненов, А.Сахиев және мен алғашқы еңбек жолымызды Омар ағаның қол астында бастағанымызды әркез сүйіспеншілікпен, алғысқа толы сезіммен айтып жүреміз. Өз мамандығын бар болмысымен сүйе білген өндірістегі осындай кәсіби мамандардың арқасында біздер геология саласын бір адамдай меңгердік деген сеніммен айтар едім. Себебі, жоғары білім ордасының қабырғасынан ала алмаған кейбір өмірге қажетті білім, тәжірибелерді осы өндірісте, күнделікті жұмыстан таптық. Демек, біздің болашақтағы маман ретінде қалыптасуымызда бұл ортаның орны ерекше болғаны - деп еске алады «Жер қойнауының Құрметті зерттеушісі» Есберген Аймғамбетов.

- Ол кісі қазақ тілі мен орыс тіліне өте жетік болды. Біз ол кісімен болатын әрбір жиналысқа ерекше дайындалып баратынбыз. Құдты бір емтиханға дайындалғандай. Себебі, ол біздің өндіріс туралы есебіміз бен баяндамаларымызды шұқшия отырып тексеретін. Кей кездерде қызыл түс қаламмен бояп, түзетіп беретін. Кейін сол қателерге қарап отырып, ұялатынбыз. Кейін әрбір сөзге, жазбамызға мұқият қарауды меңгеріп алдық - деген Балтабай Қаржаубаевтың естелігін Омар ағаның жан-жақты болмысын аңғарамыз.

Еңбек дер кезінде бағалануымен де құнды ғой. Омар Далбаевтың еліміздің мұнай-газ саласына қосқан еңбегі бағаланып, Құрмет грамоталармен, «В.И. Лениннің туғанына - 100 жыл», «Еңбек ардагері», «Жер қойнауын барлаудағы еңбегі үшін» медальдарымен марапатталып, «Гурьев мұнай-газ барлау» бірлестігінің «Құрметті ардагері» атағымен марапатталуы осының айғағы.

Геолог, мұнайшы, өнегелі отағасы, адал дос, жақсы әріптес, қорыта айтқанда атпал азамат аман болса 90 жасқа толар еді. Өзі кетсе де, көзіндей болған артта қалған оның еңбек жолы, ісін жалғаған шәкірттері бар емес пе! Біз өз кезегімізде кешегі күндерде елдің, соның ішінде мұнай-газ саласының қалыптасып, өркен жаюына зор еңбек сіңірген азаматты еске алуды жөн көрдік. Аға буынның маңдай терімен еткен еңбектері ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетулері керек деп есептейміз.







## САЛАУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшылығы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері арасында өткен спартакиадаға қатысушы басқарманың қызметкер-спортшыларын қабылдады.

Айта кетсек, Рахимжан Теміров ерлер арасындағы тоғызқұмалақтан II орын, ал, әйелдер арасында Гүлзира Алдашбаева III орынды алды. Үстел теннисінен Руслан Даутов пен Жанар Сәрсенғалиева күміс жүлдеге ие болды.

Волейбол мен кіші футбол ойындарынан аталған басқарманың құрама командасы қола жүлдегер атанған болатын. Спартакиада қорытындысы бойынша, жылыойлық басқарма ұжымы жалпыкомандалық есепте III орынды еншіледі.

Кездесу барысында басқарма бастығы Гибатолла ШАНАЕВ мұнайшыларға ұжым арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға қосып жатқан үлестеріне ризашылығын білдіріп, қызметкерлердің корпоративті рухын арттырып, әріптестер арасында ауызбіршілік пен достықты қалыптастыруды мақсат еткен спартакиададағы нәтижелерін жоғары бағалады. Алғыс хаттармен марапаттады.

Спартакиадаға қатысқан спортшылардың ұсынысымен басқарма аппараты және жас мамандары бірігіп, қайырымдылыққа қаражат жинап, Құлсары қаласындағы «Мүгедектер қоғамына» көмек көрсетті.

Шара барысында аталған ұйымға қайырымдылық көмек тарту етілді.

## ЕМБІЛІК ФУТБОЛШЫЛАР ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРДІҢ ФИНАЛЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ



Атырауда футзалдан ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Dina Cup 2021» облыстық ашық турнирі өтті. Төрт күнге созылған дүбірлі додада «Ембімұнайгаз» командасы қорғап, ақтық сында өнер көрсетті.

Командамызға топтық кезеңнен өтудің өзі оңайға соқпады. 16 команда бақ сынаған доп досында әуесқой ойыншылардың арасында өтсе де, құрамында кәсіби түрде шеберлігін шыңдап жүрген мықтылармен толыққан командалар көп болды.

Әріптестеріміз финалда «Мақат» командасымен кездесті. «Жан алысып, жан беріскен» ойында таблода 1:1 есебі тіркелді. Ойынның негізгі кезеңі тең аяқталды. Пенальти сериясында мақаттықтар алға шығып, жеңіске жетті.

Үздік ойыншылардың қатарында «Мақат» командасының құрамындағы Алтынбек Қосекен «Үздік қақпашы» атанса, «Ембімұнайгаз» командасында өнер көрсеткен Ержан Шарафиев «Үздік қорғаушы» деген атқа лайықты болды. Сондай-ақ жеке шеберлігімен көзге түскен «Локомотив» командасының ойыншысы Еркебұлан Бейбітұлы турнирдің «Үздік сұрмергені» атанды.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.